ретрансляция — техникалық құралдарды пайдалануға қарамастан, басқа бұқаралық ақпарат құралының теле- немесе радио бағдарламаларын (теле-немесе радио хабарларының жиынтығы) қабылдау және бір мезгілде не жазып алып толық және өзгеріссіз тарату;

таратушы — меншік иесімен, баспагермен шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

теледидар, радио, бейне, кино хроникалық бағдарламасы — толық атауы бар және кемінде жарты жылда бір рет эфирге шығатын мерзімді дыбыс-бейне хабарлары мен берілімдерінің жиынтығы;

цензура — бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын және матери-алдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйым-дармен олардың талап ету бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабар-лар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын ала келісу;

эфирге шығу — ұқсас және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теледидар, радио бағдарламаларын, дыбыс-бейне жазбаларын тарату;

эротикалық сипаттағы өнім— тұтас алғанда және үнемі секске әуестенушілікті қаузытайтын баспасөз басылымы немесе теледидар радио бағдарламасы;

Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы

Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін бас-па арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі.

Цензураға тыйым салынады.

Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат кездерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын езге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде гаратылады.

Мемлекет Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңдарына сәйкес бұқаралық ақпаратты алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдарының телевизиялық және задио бағдарламаларының апталық келемі уақыты бойынша басқа тілдердегі «абарлардың жиынтық келемінен кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік тілдегі хабарларды хабар таратудың тәуліктік кестесіне орналастыру хабарлар эфирге шығатын бүкіл кезең ішінде біркелкі жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл талап кабельдік, эфирлі-кабельдік телевизия желілеріне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдары

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерлерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;
- 3) телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін бекітеді.

Уәкілетті органның құзыреті

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ете; -
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;
- 3) телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар еткізу ережесін бекітеді;
- 4) телевизия және (немесе) радио хабарларын тарату үшін радио жиіліктер номиналдарын белу жөніндегі ашық конкурстар еткізуді ұйымдастырады;
- 5) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;
- 6) лицензиаттың лицензияда көрсетілген шарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

- 8) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді;
- 10) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды өзірлейді және іске асырады;
- 11) тарихи және (немесе) мәдени құндылығы бар жазылымдарды сақтау тәртібін айқындайды;
- 12) журналистерді аккредиттеу ережесін бөкітеді;
- 13) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруы жөніндегі қызметін үйлестіреді;
- 14) орталық және жергілікті атқарушы органдардың бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді. ^

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

- 1) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;
- 2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;
- 3) арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру тәртібін және онда эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін өткізу ережесін бекітеді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық раясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;
- 5) тиісті өкімшілік-аумақтық бірлікте бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- 6) уәкілетті органға статистикалық деректерді, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу жөніндегі ақпараттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау жөніндегі мәліметтерді табыс етеді.

Мемлекеттік бақылау

Мемлекеттік бақылаудың мақсаты жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау мыналарды:

- 1) осы Заңда көзделген талаптарды сақтау жөніндегі бақылауды;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын жарнамаға қатысты бақылауды қамтиды.

Уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында орындалады. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін мемлекеттік орган жоспарлаған тексеру;

жоспардан тыс - жеке және заңды тұлғалардың етініштеріне дереу ден қоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты тағайындалатын тексеру;

рейдтік - лицензияның, тіркеу және өзге де рұқсат ету құжаттарының болу-ын, сондай-ақ мемлекеттік органның бақылау объектісі болып табылатын бақылау жабдығының дұрыс қолданылуын тексеру.

Тексеру жүргізудің мерзімі нұсқама берілген кезден бастап күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы

Бұқаралық ақпарат құралын құруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқығы болады.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік бұқаралық ақпарат құралының енімін шығаруды (эфирге шығуды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға негіз болып табылады. Бұл талап \Л/ЕВ-сайттарға қолданылмайды.

Заңды тұлғаның - Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының акцияларының (үлесінің, пайының) 20 проценттен астамын шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

Меншік иесі - бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редак-

ция, редактор, журналист, баспагер, таратушы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

Редакция меншік иесінің тапсыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралын әзірлеуді және шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асырады.

Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді. 2-1. Мыналар:

- 1) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар;
- 2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған немесе өтелмеген азаматтар;
- 3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;
- 4) өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен токтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редактор-лары (редакторлары) болған азаматтар соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде бас редактор (редактор) бола алмайды.

Меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

Ақпарат агенттігі

Ақпарат агенттігі - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған заңды тұлға.

Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған уақыты қоса берілуге тиіс.

Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

Ақпарат агенттігіне осы Заңның 2, 10-баптарының күші қолданылады.

Бұқадаһық ақпарат құралының баспагері

Баспагер - бұқаралық ақпарат құралының өнімін өндіруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының өрі баспагері болмаса, меншік иесі мен баспагердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен белгіленеді.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қою

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, WEB-сайттардан басқа, бұқаралық ақпарат құралдары уәкілетті органда міндетті түрде есепке қойылуға тиіс.

Есепке қою, қайта есепке қою үшін бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не оның уәкілдік беруі бойынша әрекет ететін тұлға осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келетін арыз береді.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойған кезде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюды куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалатын тәртіппен алым алынады.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, қайта есепке қою туралы арыз түскен күнінен бастап он бес күн ішінде қаралуға тиіс. Арызды қараудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралының меншік иесіне есепке қою туралы куәлік береді не мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атпен және сол аумаққа таралатын бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны туралы куәлік берген болса не оның аты бұрын құрылған бұқаралық ақпарат құралының атымен айырғысыз дәрежеде ұқсас болса;

2) егер арыздың мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келмейтін болса;

3) егер арыз бұқаралық ақпарат құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым салу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл өтпей тұрып берілсе;

4) егер бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алым төленбесе;

5) егер меншік иесінің ауысуына орай бұқаралық ақпарат құралын қайта есепке қою туралы арызға бұқаралық ақпарат құралына меншік құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың нотариалды түрде куәландырылған көшірме жазба-сы қоса тіркелмесе;

б) егер есепке қоюға шығарылуын (эфирге шығуын) бұрын сот тоқтатқан бұқаралық ақпарат құралының атымен (атының бір бөлігімен) және тақырылтық бағытымен немесе аты мен тақырыптық бағытын қайталайтын бұқаралық ақпарат құралы мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімі-мен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде арыз берген жағдайда, есепке қоюдан бас тартады.

Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап үш ай ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға кірісу құқығын сақтайды.

, Теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламаның, ақпарат агенттігінің меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап алты ай ішінде бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығаруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға кірісу құқығын сақтайды.

Бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) сот тоқтатып қойған жағдайларды қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығару мерзімін еткізіп алған, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралы өнімін шығару үш ай бойы тоқтап қалған жағдайда, уәкілетті органның шешімімен бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

Бұқаралық ақпарат құралы меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты, басылымның не хабардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, бас редакторы (редакторы);-редакцияның мекенжайы және шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке алынуға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы арыз

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы арызда:

- 1) бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің атауы орналасқан жері, ұйымдық-құқықгық нысаны;
- 2) бұқаралық ақпарат құралының тілі (тілдері);
- 3) шығарылымның болжалды мерзімділігі;
- 4) негізгі тақырыгыпқық бағыты;
- 5) таралу аумағы;
- 6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, өкесінің аты;
- 7) редакцияның мекенжайы көрсетілуге тиіс. Арызға:

жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

бұқаралық ақпарат құралын есепке қою үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою кезінде өзге талаптарды алға тар-туға тыйым салынады.

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюдан босату

Таралымы:

- жүз данаға жетпейтін мерзімді баспасез басылымдарын;
- ресми, нормативтік және өзге дә актілерді;
- сот практикасының бюллетеньдерін;
- кабелдік желілермен таратылатын теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламаларды, егер қызмет көрсету аумағы бір ғимаратпен немесе кешенмен шектелген болса, есепке қою талап етілмейді.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтата тұру және тоқтату

Бұқарадың ақпарат құралын шығару (эфирге шығару) меншік иесінің немесе соттың шегамі бойынша тоқтатыла тұруы не тоқтатылуы мүмкін.

Басылымдардың бір немесе бірнеше нөмірінің шығарылуын, сондай-ақ радио және теледидар бағдарламаларының эфирге шығуын, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын уақытша тоқтату, тоқтата тұру деп түсініледі. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату тұру үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, өлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топ-тық және рулық басымдықш угіттеу немесе насихаттау, порнофафиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы радио-, телебағдарламаларды тарату, сондай-ақ кино- және бейнеөнімдерді көрсету,

осы Заңның 3-бабында, 10-бабының 3-2-тармағында көзделген талаптарды бұзу, сондай-ақ 14-бабының 3-1-тармағының, 15 және 16-баптарының талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтатуға негіз болып табылады.

Меншік иесінің не соттың шешімі бойынша бұқаралық ақпарат құралының шығуын (эфирге шығуын) тоқтата тұрған не тоқтатқан жағдайда уәкілетті органға хабарлама жіберіледі.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату оны есепке қою туралы куәліктің күшін жоюға әкеп соғады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ТАРАТУ

Бұқаралық ақпарат құралдарын тарату

Бұқаралық ақпарат құралдарын таратуды меншік иесінің шешімі бойынша оның өзі не шарт негізінде немесе өзге де заңды негіздерде редакция, баспагер, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырады.

Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басшыларын тек қана мөлдір ораммен буылып-түйілген күйінде және бөлшек саудадан соған арнап әдейі бөлінген тұрақты үй-жайларда сатуға жол беріледі, олардың орналасқан жері мен ондағы сату ережелерін жергілікті атқарушы орган-дар белгілейді.

Порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы радио, теледидар бағдарламаларының эфирге шығарылуына, сондай-ақ кино және бейне өнімінің көрсетілуіне, қатігездік пен зорлықты насихаттауға тыйым салынады.

Алкоголь өнімдерін жарнамалауға 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап тыйым салынады.

Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радио бағдарламаларын ретрансляциялау телерадио хабарларын тарату арналары арқылы берілетін хабарлардың жалпы көлемінің: 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап өлу процентінен, 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап жиырма процентінен аспауға тиіс.

Бұл талап кабелдік және эфирлік-кабелдік теледидарлар тарататын хабарларға қолданылмайды.

Заңды негіздерде жүзеге асырылатын бұқаралық ақпарат құралы таратуға жеке немесе заңды тұлғалар, сол сияқты мемлекеттік органдарды лауазымды

адамдары тарапынан кедергі жасауға, заңсыз төркілеуге, сондай-ақ таралымын немесе оның бір бөлігін жоюға заңды күшіне енген шешімі негізінде болмаса жол берілмейді.

Шығарылым деректері

Мерзімді басылымның әрбір шығарылымында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) бұқаралық ақпарат құралының атауы;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі;
 - 3) бас редактордың (редактордың) тегі және аты-жөні;
 - 4) есепке қою туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні және оны берген органның атауы;
 - 5) басылымның мерзімділігі;
 - 6) бұқаралық ақпарат құралының рет нөмірі мен жарық көрген күні;
 - 7) таралымы;
 - 8) баспахананың атауы, оның мекен-жайы және редакцияның мекен-жайы.
2. Бұқаралық ақпарат құралы эфирге әрбір шыққан сайын, ал үздіксіз хабар таратқан жағдайда тәулігіне кемінде төрт рет өзінің атауын жариялап отыруға міндетті.

Мерзімді басылымдардың міндетті даналары мен теле-және радиохабарлар материалдарын сақтау

Мерзімді басылымдардың міндетті тегін даналарын, соның ішінде осы Заңның 12-бабына орай есепке қоюдан босатылғандарын олар әзірленген күні бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе оның тапсыруы бойынша үшінші тұлға Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасына, Ұлттық кітапханаға, Қазақ-стан Республикасы Парламентінің кітапханасына, уәкілетті органға жібереді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының (теледидар, радио хабарларын тара-ту) редакциялары эфирге шығарған өз хабарларының жазбаларын бір ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өздерінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында көрсетуге және оны соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени жағынан құнды жазбалар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен сақталады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРМЕН ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРМЕН ҚАТЫНАСЫ

Авторлық туындылар мен хаттар

Редакция пайдаланылатын туындыларға құқықты, оның ішінде интеллектуалдық меншікке авторлық және өзге де құқықтарды сақтауға міндетті.

Оқырмандар хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін қысқартуға және оның мазмұнының мағынасын бұрмаламай редакциялауға жол беріледі.

Егер заңда өзгеше кезделмесе, бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға ешкімнің де міндеттеуге құқығы жоқ.

Ресми хабарлар

Мемлекеттік органдардың ресми хабарлары бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орналастырылады. Мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, олардың меншік нысанына және кімге қарайтынына қарамастан, өтініш жасаған кезде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатынынан басқа ақпаратты тең шарттарда беруге міндетті.

Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар сұратылып отырған ақпаратты өтініш түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей беруге не беру мерзімін немесе беруден бас тарту себебін көрсете отырып жауабын беруге міндетті.

Қосымша зерделеуді және тексеруді қажет ететін өтінішке жауап ол келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралынан қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін мемлекеттік органдарға немесе өзге де ұйымдарға өтініш келіп түскен жағдайда, осы өтініш бес күн мерзімнен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіліп, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына хабарлануға тиіс.

Сұралып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуға бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтар құқығына қысым жасайтын заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға арналған заңда көзделген тәртіппен жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға, ал одан соң сотқа шағым жасауы мүмкін.

Теріске шығару құқығы

Азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді, егер мұндай мәліметтер таратушы олардың шындыққа сәйкестігін дәлелдемесе, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.

Егер аталған мәліметтер ұйымнан шыққан құжатта болған жағдайда, мұндай құжат алмастырылып немесе қайтарылып алынып, бұл құжаттағы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіндігі туралы адресатқа міндетті түрде хабарлануға тиіс.

Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасама-са, сондай-ақ ол таратылған жағдайда, сотта қаралады.

Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған болса, олар мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қоса олардың таратылуы-

нан өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

ЖУРНАЛИСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Журналистің құқықтары

- 1) ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;
- 2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін бар-лықшараларға қатысуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;
- 4) журналистің куәлігін көрсету арқылы дүлей апаттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен наразылықтарды өзге де білдіру нысандарына қатысуға;
- 5) құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;
- 6) алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге;
- 7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;
- 8) өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;
- 9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;
- 10) авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

.Журналистің міндеттері Журналист:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа ала отырып, езі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;
- 2) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;
- 3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге; 4-1) азаматтармен сұхбат жүргізген кезде дыбыс- немесе бейнежазбаны пайдалануға келісім алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

ЖУРНАЛИСТЕРІ ТІРКЕУ

Журналистерді тіркеу

Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанында өз журналистерін тіркей алады.

Журналист тіркелген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар оны өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенофаммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

Жабық шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, тіркелген журналистің өзін тіркеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңесерге және басқа да шараларға қатысуға құқығы бар.

Егер журналист тіркеу ережелерін бұзса не өзін тіркеген мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратса, оның тіркелуі күшін жоюы мүмкін.

Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шетелдерде тіркеу

Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралы иесінің Қазақстан Республикасының және өздері болған елдердің заңдарында көзделген тәртіппен басқа елдерде тілшілер қосынның ашуға, журналистерді тіркеуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасындағы шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметі

Шетел бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін тіркеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді.

Қазақстан Республикасында тіркелген шетел журналистерінің және басқа да шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіптік қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының енімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін жауапкершілік негіздері

Азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың оған кінәлі лауазымды адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының иесі, таратушысы, бас редакторы (редакторы), таратылған хабарлар мен материалдардың авторлары жауапты болады.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, өлеуметтік, несілдік, ұлттық, діни, тектік-тағпық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді

тарату үшін жауапкершіліктен босатылатын реттер

Бұқаралық ақпарат құралында шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін:

- 1) егер бұл мәліметтер ресми хабарлар мен құжаттарда айтылған болса;
- 2) егер олар жарнама және ақпарат агенттіктерінің немесе мемлекеттік органдардың баспасөз қызметінен алынса;
- 3) егер олар өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдарының және азаматтардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса;
- 4) егер олар алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде айтылса;
- 5) егер бұл мәліметтер осы Заңның 18-бабына сәйкес міндетті хабарларда айтылса, бас редактор (редактор), сондай-ақ журналист жауапты болмайды.